

Есбол орта мектебі бойынша 1-11 сыныптарда білім алып жатқан аз қамтылған және бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

«25» тамыз 2022 жыл

Х А Т Т А М А №1

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы:

1. А.Иманкулова – мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы;

Комиссия мүшелері:

2. А.Төреғалиева – мектептің әлеуметтік педагогы;

3. С.Қоржықбаева – директордың тәрбие жөніндегі орынбасары;

4. Г.Нуримова – мектеп медбикесінің уақытша қызметін атқарушы;

5. А.Есенаманова – ана-аналар комитетінің төрайымы;

6. Э.Саликова – кәсіподақ комитетінің төрайымы;

7. М.Жакиев – “Қамқоршылық кеңес” төрағасы;

8. Н.Аманғалиев - мектептің есепшісі.

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық пен қорғаншылықтағы, толық емес отбасында тәрбиеленетін, аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан 1-11 сыныптарда оқитын оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету;

2. Қамқоршылық пен қорғаншылықтағы, толық емес отбасында тәрбиеленетін, аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан 5-11 сынып оқушыларын және бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ететін ЖК «Зерде» Сыралиев Адилет өнім берушінің өткен жылдағы жұмыстарын зерделеу.

Тыңдалды:

А.Төреғалиева – әлеуметтік педагог

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 08 маусымдағы № 235 бұйрығына сәйкес әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушылардың құжаттарын жинап, өтініштерін алып, комиссиядан өткен оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтуға міндеттіміз. Осыған орай Есбол орта мектебінде биылғы 2022-2023 оқу жылында барлық оқушылар дәстүрлі білім алуда. Атап айтсам, 1-4 сыныптарда барлығы 52 оқушы, 5-11 сыныптарда барлығы 84 оқушы білім алып жатыр. Осы оқушылардың ішінен аз қамтылған отбасы балалары мен жетім, жартылай жетім және қамқорлықтағы балаларға (52 оқушы 1-4 сыныптан, 44 оқушы 5-11 сынып оқушылары) сонда барлығы мектеп бойынша 96 оқушы тегін ыстық тамақпен

қамтылуы тиіс. Мектебімізде көп балалы отбасы балалары көп. Сондықтан да бүгінгі жиналыста өтініш берушілердің әрқайсысының тұрмыстық жағдайын ескеріп, отбасына кіретін табыс көзін зерделеп, соған сәйкес оқушының санын белгілеп, ыстық тамақ беруді қолға алып отырмыз. Жалпыға міндетті оқу қорынан қамытылған оқушылар мен көп балалы отбасы балаларының әлеуметтік жағдайына қарай отырып, жалпы қамтылуы керек балаларды ұсынып отырмын. (Тізім жалғанды). Ыстық тамаққа құжаттары “Атырау облысы бойынша Мемлекеттік e-quzmetter.kz” порталы арқылы қабылданатын болады. Ата-ана сол порталға ЭЦҚ кілт арқылы өтініш тастайтын болады. Келіп түскен өтінішті arm.e-quzmetter.kz порталы арқылы қабылдап, бес жұмыс күні ішінде ата-анаға кері жауап қайтарылады. Бастауыш сынып оқушыларының өтініштері жазбаша ата-анадан алынады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылдың 8 маусымындағы №235 бұйрығының 70 тармағында көрсетілгендей, қамқоршылық пен қорғаншылықтағы, толық емес отбасында тәрбиеленетін, аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларды және бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ететін ЖК «Зерде» Сыралиев Адилет Адилбекович (мекен жайы: Атырау облысы, Исатай Районы, Тұщықұдық ауылы, Наурыз көшесі 4 үй) оқушыларымызды ыстық тамақпен қамтып келе жатқан мезгіл ішінде әр үш ай сайын асхана жұмысының тамақтандыру сапасының мониторингін жүргізу комиссиясының тексеру актісі бойынша барлық санитарлық талаптарға сай екендігін, тамақтардың дайындалуы ас мәзірінен ауытқымай, өз деңгейінде дайындалатындығын ескере отырып қамқоршылық пен қорғаншылықтағы, толық емес отбасында тәрбиеленетін, аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан 5-11 сынып оқушыларын және бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету мәселесі қаралып, комиссия мүшелері ЖК «Зерде» 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін келісім-шартты жалғастыруға құқылы деп танылып, төмендегідей шешім қабылдады:

Қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылдың 8 маусымындағы №235 бұйрығының 70 тармағында көрсетілгендей, қамқоршылық пен қорғаншылықтағы, толық емес отбасында тәрбиеленетін, аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларды және бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылдың 8 маусымындағы №235 бұйрығының 70 тармағында көрсетілгендей, 5-11 сыныптарда оқитын оқушыларды және бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ететін ЖК «Зерде» Сыралиев Адилет Адилбекович (мекен жайы: Атырау облысы, Исатай Районы, Тұщықұдық ауылы, Наурыз көшесі 4 үй).

Мектеп директоры
уақытша міндетін атқарушы



А.Иманкулова